

К.А. Төлеубаева, Н.Р. Аккулова

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: k.toleubaeva@mail.ru)*

Әбіш Кекілбаевтің «Абылай хан» шығармасындағы авторлық ұстаным

Мақалада Әбіш Кекілбаевтің «Абылай хан» драмасындағы драматизм табиғаты Абылай образы арқылы құрастырылды. Талдау негізінде драмадағы тартыс табиғатының заңдылықтары сараланды. Ол сезім мен сана, ерік пен елігу, құштарлық пен парыз, тақ пен ар арасында өрбіген Абылайдың ішкі драмалық тартысынан көрінген. Тарихи тұлғаның ішкі драмасы осылайша табиғи көрініс тапқан. Қоғамда болып жатқан аумалы-төкпелі құбылыстардың күрт өзгеруімен қатар, қоғамда болып жатқан оқиғалардың алма кезек ауысуынан Абылай мен Шарыш арасындағы сайыстан, Абылай мен Топыш, Абылай мен Әмір Сана арасындағы қатынастардан сыртқы тартыс үдей түскен. Тұрақтылық пен өзгермелілік арасындағы сапалық өзгерістердің драма табиғатына әсері қадағаланған. Хандық, елдік принциптерін бірінші орынға қойған хан образының жасалу ерекшелігіне көңіл аударылған.

Кілт сөздер: драматизм, тартыс, синергетика, тұрақтылық пен тұрақсыздық принципі, хандық, елдік.

Драматургия жанры қазіргі қазақ әдебиетіндегі тәуелсіздік арнасына түскеннен кейінгі кезеңде өзіндік көркемдік ізденістерімен, даму бағыттарымен, жанр үлгілері және де стильдік өрісімен көзге түседі. Егемендік тегеурінімен халық өміріне енген рухани өзгерістер әлеміміздегі желісі үзілмеген тарихи сабақтастық, азат сана кеңістігінде тудырған айшықты оралымдар, тартыс ортасындағы драматизмді жеткізудегі авторлық ұстанымдар осы кезеңдегі драматургтер шығармашылығынан айқын аңғарылады. Адамгершілік, ар-ұждан мәселесі — адамзат тарихының өн бойында атадан балаға, яғни ұрпақтан ұрпаққа, жалғасып келе жатқан ұлы дәстүр. Қазіргі қоғамда барша адамзат өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген 3 мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде рухани асыл мұра, адамгершілік, парыз, ар-намыс өзекті қалпында қала бермек. Ғасырлар бойы тірнектеп құраған адам баласының рухани азығы, байлығы дәл қазіргі мезетте құнсыздана бастауы барша ізі ниетті адам баласына көкейкесті мәселеге айналған. Жазушы Әбіш Кекілбаев шығармалары — адамның адамды көбірек түсінуіне және адам баласының өзі ұғынып болмайтын бойындағы түрлі қиыр шегі жоқ дүниелерді аса бір нәзіктік арқылы еткізе білуі де шеберлік. Ол авторлық баяндау, бірде кейіпкер әрекеті мен ашық идеясы арқылы берілсе, енді бірде ирония мен сарказм тұспалында ишараланады. Ұлттық қазақ драматургиясындағы басым үрдістердің бірі ретінде адамның ішкі қасиетін жандандыру, жеке образдарға дейін әсірелеу арқылы көркем шарттылық іздерін айқындау да маңызды мәселе. Әдебиеттің ең ежелгі түрінің бірі — драматургия. Дастан көлемін шектеу, диалог және монологқа негізделген кейіпкер сөзі мен сахналық әрекеттің өмір шындығын, образ даралығын ой-сезім қақтығыстары, драмалық тартыс ауқымында ашу бағытындағы айрықша мәні, мәтіндік мазмұн, авторлық ұстанымың көркемдік өзегі туындының ашылатындығы драматургияның дара сипаттарын, күрделі жанрлық табиғатын айқындайды. Драма жанрындағы шығармалардың басқа жанрдағы туындылардан ерекшелігі, біріншіден, оның адамзаттың рухани болмысындағы шынайы сезім мен құштарлықты психологиялық жағынан оқырман мен көрерменнің жан күйзелісімен ұштастырып, заманның келелі мәселелерін барынша шынайы суреттеуінде болса, екінші жағынан, драмалық шығармалар көркем туынды түрінде оқырманына әуелі баспасөз, сонан соң әрі сахналық қойылым түрінде көрерменіне жетеді. Ұлттық драматургия — бүгінгі күні жан-жақты даму үстіндегі жанр. Арнайы зерттеу нысанасына алынып және жекелеген белгілі қаламгерлеріміздің шығармашылықтарын қарастыруда да біршама құнды ғылыми еңбектер жазылған. Қазақ драматургиясы өзінің даму жолын, сатысын — әлем, батыс драматургиясының озық шығармаларынан үлгі алып, сабақтастырады. Драматургия жанрларының ішінде өмірге айрықша жақын түрі — трагедия. Академик Р.Нұрғали трагедия жанрының табиғатын түсінуде: «Трагедия — драматургияның қаһарлы тартыстар мен адасулар шайқасы — қат-қабат өмірдің объективті қайшылықтарын терең образдар арқылы ашып, зор айқастар, үлкен күрестерді бастан өткеріп, шындыққа жету жолында опат болатын күрделі тұлғаның қайғы-шері, мұң-ызасы эмоциялық-эстетикалық ғаламат әсермен оқырманға берілетін, болмыстың қаны сорғалаған сұрапыл шындықтарын айқара ашып, қопара бейнелейтін іргелі жанры... Трагедиялық тартыстар мен

адасулар табиғатын, эстетикалық-эмоциялық әсер ерекшелігін, сюжеттік материал мен көркемдік-композициялық құралдар жүйесін, тақырыптық идеялық нысананы ескере отырып, қазақ трагедиясын мынадай салаларға бөлуге болады: а) эпикалық трагедия; ә) тарихи трагедия; б) адамгершілік-тұрмыстық трагедия», — дейді [1; 10, 11]. Драматургтердің шығармашылық үдерісінде сәтті, жемісті қолданылған тілдік өрнектер жиі кездеседі. Сол үшін біз олардың сөздік қорын нақты мәтіндік талдау негізінде сараптауды мақсат еттік. Мәселен, образ жасаушы амал-тәсілдер кез келген жазушының стиліне қарай әртүрлі қолданылады. Осы орайда академик З. Қабдолов: «Адам тағдыры суреткер үшін шығарма арқауы ғана емес, өмірді танудың өзгеше тәсілі де: өмірде көрген тірі адамдар туралы олардың хал-күйі, кескін-кейіпі туралы тебірене, толғана ойланудан көбіне суреткердің сол адамдар өмір сүрген қоғамы туралы көзқарасы қалыптасады, нәтижесінде сол қоғамдық шындықты көркем жинақтау мақсатындағы творчестволық әрекеті басталып кетеді деген тұжырымын келтірген» [2; 45]. Көркем әдебиеттің өте күрделі жанрларының бірі — драматургия. Қазақ әдебиетінде ол біршама кештеу қолға алынған жанр болғанына қарамастан, әдебиет тарихынан оның қаншама жарқын үлгілері ойып тұрып өз орнын алды. Көптеген ақын-жазушылар өз күштерін осы драматургия саласында сынап бақты. Солардың ішінде қазақ драматургиясының дамуына зор үлес қосқан Ә. Кекілбаев, Қ. Ысқақов, Д. Исабеков, С. Балғабаев, Т. Әбдіков, Ш. Мұртаза, Ә. Тарази, Б. Мұқай, Ы. Сапарбаев, Ш. Құсайынов, Р. Отарбаев, Ж. Әлмашов, Р. Мұқанова, Д. Рамазан секілді шығармашылық тұлғалар бар. Шығарманың құрылымы, автордың мақсаты және жазушының стиліне байланысты кейіпкер сөзінің қызметі мен қолданылуы әртүрлі келеді. Бұл жөнінде ғалым Ә. Нарымбетов: «Кейіпкер сөзі — шығармадағы адам бейнесін ашуда көркемдік қызмет атқарады дегенде, ең алдымен, оның негізгі идеялық жүгіне көңіл бөлуге тиіспіз. Байқап отырсақ қай-қай шығармада да кейіпкер сөзі арқылы автордың позициясы білінеді» деп пікір білдірген [3; 241]. Демек, диалог — шығарма кейіпкерлерінің өзара әңгімесі емес, ол — автор позициясының көркемдік құралы. Ә. Кекілбаевтің «Абылай хан» атты драмалық дастаны — ақ өлең үлгісімен жазылған төрт актылы пьеса. Оқырман бұл жерде қаламгердің ақындық шабыты мен философиялық толғаныстарынан нәр алады. Жазушы шығармасын талдау барысында шығарманың өн бойында ерекше тебіреніс жасағанын көреміз. Автор бұл шығармасының көкейкестілігі өзінің арман-мүддесін, халқымыздың тағдырын, ғасырлар бойғы мақсат-тілегін тарихи образ Абылай хан образы арқылы берген.

Енді Ә. Кекілбаевтің халқымыздың тарихына арналған зерттеулерін байыптап қарайық. Ол бар дүниені бар қалпында, барынша шынайы жеткізеді. Олардың арасында қаламгердің «Елдік пен ерлік киесі» атты Қарабура әулиеге арналған көлемді мақаласы бар. Мұнда жазушы аңыз бен шежірені барлық уақытта шындыққа балауға болмайтындығын айтады. Осы жетістіктер — XVIII ғасырға дейін өмір сүрген, бір орталыққа бағынған, біртұтас Қазақ мемлекетінен қалған мұра. Қазақ хандығының ыдырап, Ресейдің боданына айналғаны туралы соңғы ғасырларда жазылып келе жатыр.

«Абылайхан» — қазақ халқының азаттық, бейбіт өмір жолындағы азапты күресін бейнелейтін қаһармандық драмалық дастан. Бұлай деуімізге себеп, пьеса толықтай халқымыздың тәуелсіздігі үшін өзіне өмір бойы үздіксіз күресу тағдыры, бұл күресті ұрпақтары толассыз жүз жылдан астам уақыт жалғастырған Абылай сынды көреген ханның билігі өрілген. Пьеса төрт көріністен тұрады. Бастапқы көріністе Абылайдың жастық шағы, керуенге ілесіп Арғынға келуі, Дәулетбай байғақалай бала болғаны, ойрат батыры Шарышпен жекпе-жегі, жас батыр ретінде халыққа аты таныла бастағаны баяндалады. Екінші көріністе аңда жүріп қапыда ойраттардың қолына түсіп, тас зынданда қамалған, тордағы арыстандай арпалысқан Абылай және Қалдан Серінің жіберген жансыздарының сынынан сұңғылалығының арқасында табиғат асыл жаратқан қажыр-қайратымен қиыннан қиялай жол тауып шығатыны суреттеледі. Кейіннен, Қалдан Серімен бетпе бет қалғанда Абылай бейнесі ерлігімен, тапқыр да шешендігімен тәңгі етеді. Қалдан Серінің қойған дұдамал сауалдарына ұрымтал жауап қатып, алдын орап отырады. Пьесаның үшінші көрінісінде оқиға ширығып күрделене түседі. Көріністе тартыстың бір бөлігі Абылай хан мен ел жақсылаларының арасында дамиды. Жазушы еңбегін бағалаудың басты ерекшелігі — көркем туындыға өзек болған тартыстың нақты өмірлік құбылыстармен байланыстыру дәрежесі екендігі белгілі. Автор тағылымы көбіне — көп туындыдағы іс-әрекеттің саяси-қоғамдық мазмұны арқылы өлшенеді. Ал осыны жүзеге асырудағы автор қолданған көркемдік амал-құралдар, өзіндік стильдік ізденістер зерттеуші назарына жөнді ілікпейді, тіпті кейде бұлар тәуелді негізгі авторлық позицияның жетекші ролі, оның қоғамдық-философиялық бағдары тиісті бағасын ала алмайды. Суреткердің өзіндік қолтаңбасын анықтауда оның шығармаларындағы тартыс табиғатын жете зерттеген әбден орынды. Қаламгер өз туындысы үшін

драма жанрын таңдаған. Тарихты құрғақ сипаттау, көз тоқтатып, көңіл тояттар жарқын адами мінез-құлықсыз көрсету, оны дерексіздендіретіні белгілі. Қазақтың ұлттық тарихында Абылай хан тұлғасы ең жарқын образ екені баршаға мәлім. Ә. Кекілбаев «Үркер», «Елең-алаң» романдарында Абылай бейнесімен баяндаған, дегенмен, роман мен драмада тақырыптық сәйкестік кездескенімен, мазмұны жағынан мүлде өзгеше. Шығарманы бастылығы тартыс табиғаты, драматизм болмысы едәуір күрделі. Дастанның тағы бір ерекшелігі — тарихи кейіпкерлер жүйесінің көптігі. Олардың бәрі де сол тарихи кезеңдегі белгілі адамдар: сұлтандар, билер, батырлар, ел жақсылары. Атап айтқанда, тарихи драмадағы Бұқар, Ораз аталық, Дәулетбай, Қабанбай, Олжабай, Тұрсынбай, Малайсары, Әбілмәмбет, ойрат тайшылары Лама Доржы, Сыбан Доржы, Дабашы, Әмірсана, Қалдан Серен қызы Топыш ханым, тағы басқа бейнелер драманың тарихилық аясының кеңдігін көрсетеді. Көріністердің «Сайыс», «Арбасу», «Нартәуекел», «Жорық» аталуы да Абылай өміріндегі елеулі кезеңдерді әрі батырлық, қолбасшылық, ел билеушілік қырларын айқындап тұрғандай. Диуана (Ораз аталық) пен Кейуана (Бұқар жырау) арасындағы диалогпен басталған драма Ақтабан-Шұбырынды қасіретін бірден көз алдыға әкеледі. «Сардарлары қайта соққы алған, сарбаздары қайта сартылдаған» деген Диуана сөзінде қасіретті қырғында сасырап кеткен елдің басын қосып, жауға қарсы жұмылдыратын қаһарманды, ел басшысын аңсау, іздеу аңғарылады [4]. Қаламгердің бір адамның бүкіл өмір жолын суреттеу арқылы сол кезеңдегі бүкіл халықтың саяси-мәдени, әлеуметтік тұрмыс-тіршілігін көрсету талап етіліп тұрғаны аян. Автордың өзі де пьесаның жанрын көрсеткенде «халықтық қаһармандық драмалық дастан» деген анықтама көрсеткен. Жазушының тарихи уақыт пен кеңістікке ерекше мән беру мақсатында классицизм ағымының шешімі пьесадағы көріністер өлең жолдарымен берілуінде үлкен ой мен сыр жатқаны анық. Қаламгердің екінші жетістігі ретінде әрбір көріністен кейінгі аралықтағы өтіп кеткен жылдар толқының толтыру үшін және басты кейіпкердің, яғни Абылайханның бірі намысын, бірі жігерін оятып, жақсылық пен жамандық сияқты, сын мен міннің қатар жүретініндей бірде сынап бірде қолдап кейіпкердің ішкі психологиялық тартысын көрерменге де аша түсетін, жақындата түсетін Кейуана мен Диуананың табысты образдар екенін, эстетикалық мәнінің жоғары екенін әділ бағалауымыз тиіс. «Сайыс» аталатын бірінші бөлімінен-ақ Абылай образы оқырманды өзіне ықласын алып, демін тартқызып оқытқызады... Алаңға шыққан Шарыш көкірегін ұрып:

*Мен кәдімгі Шарышпын,
Азуы алты қарыспын.
Қарсы кеген дұшпанды,
Табанға таптап жаныштым, —*

деп бастап, арғы ата-бабаларының ерліктерін қоса айтып аруақтанады [5; 3–7]. Жас батыр болса, сөздің емес, істің адамы екендігін дәлел деп, Шарышты жеңіп, «Абылай» деп ұрандап, қолбастап кетеді «Арбасу» деп аталатын пьесаның екінші көрінісінде Әбілмансұрдың зынданда жатқан көрінісімен басталады. Мұнда да автор Әбілмансұрдың жалғыз монологын ғана беріп қоймай, оның өткеніне есеп беріп жатқан экзистенциялық халін Диуана мен Кейуананың сындары мен міндерінің астында қалдырады. Бұдан автордың Абылай ханды романтикалық образ емес, өзіндік кемшіліктері мен артықшылықтары бар, ұстанымы қалыптасқан даму үстіндегі тұлға ретінде, адам ретінде көрсетуге тырысқанын көреміз. Осындай сын мен мінге ұшырағаннан кейін жаудың қандай сыны болса да сүрінбей өтуі, олардың Қалдан Серіге мақтауы да екі есе өтімді бола түседі. Осындағы автордың романтизмдегі біржақты мақтау мен мадақтаудың және реализмдегі пессимизм мен қарабайырлықтың алтын орталығын әдемі үйлестіре білгенін, шынайылық пен табиғилықтың кілтін таба алғанын байқаймыз. Осыдан кейінгі Қалдан мен Әбілмансұрдың диалогы осы пьесадағы ең мәнді әрі терең интеллектуализм мен психологизмге құрылған сәт деп атауға болады. Бұл диалогтан көшпелі қазақ даласына тән ұлттық шешендік дәстүр ерекше эстетикалық әсер беруімен құнды. Мысалы, Әбілмансұрдың тектілігін сынау үшін тақты бос қойып, өзі уәзірлерімен бірге отырады, сонда бос таққа бара жатқан Әбілмансұрды көріп жасауылдар алдына шығып тоқтады, Қалдан тағына бара жатып: «Тағзым қайда, тәр қайда?», — дейді. Сонда Әбілмансұр мен Қалданның арасында:

*Әбілмансұр: Тақтайға тағзым жүрмейді,
Тақсырға тағзым жүреді.
Қалдан: Тақсыр емей мен кіммін?
Әбілмансұр: Таққа мінген тақсыр,
Тақтан тайған пақыр...*

деген қысқа диалогтың өзінен тапқырлық пен шешендікті, әккі саятсаткердің риторикасын байқаймыз» [6; 207]. Солардың ішінде Батыс Қазақстан тарихы ерекшеленеді. Осы күрделі тақырыпты және рухани мәдениетімізді зерттеуге Ә. Кекілбаев ерекше үлес қосты. Әбіш Кекілбаев қазақ шежіресі мен аңыздарын аса мұқияттылықпен пайдаланып, халық игілігіне жарату керектігін нақты дәлелдермен көрсетті. Сонымен қатар ол шежіре арқылы тарих жасайтындарға талай рет ескерту де жасады. Барлық дүние идеал бола бермейтіні сияқты, «Абылай хан» пьесасының да өзіне сай табыстарымен қоса кемшін тұстары да жоқ емес. Автор пьеса жанрын «халықтық қаһармандық драмалық дастан» деп анықтама бергенін жоғарыда атап өттік. Сөзсіз, пьесада халықтық, қаһармандық дүниелер өте сәтті шыққаны қуантады, дастан атағын ақтай алғанын көреміз. Бір ғасырға жуық халық тарихын, батырларымыздың қаһармандық жолын, оған қоса қазақ тарихындағы ерекше тұлға Абылай хан өмірінің дастанын екі сағаттық қойылымға сыйдырып берген талант иесіне бас иместен, басқа амал жоқ. Бірақ көрерменнің драматургиядан кішкене тартыс, кішкене сезім, кішкене драма күту құқығын да ешкім жоққа шығара алмайды. Қандай ұлт болмасын оның сан қилы тағдыры, ең алдымен, сол елдің әдебиетінен орын алады. Ұлттық рухы көтеріліп, еңсесі биіктегенде оның әдебиетінің де арнасы толыға түседі. Дәстүрлі қазақы мәдениеттің салмақты бір бөлігі: ақындық, күйшілік, суретшілік, тағы басқа өнер түрлері жатыр. Осы тақырыпта құнды көркем туындыларды дүниеге келтірген қаламгерлер қазақ әдебиетіндегі өнер адамының мінезін сомдау, характердің рухани жаңғыруы секілді тәсілдерді ұстана отырып, оқырмандарға тың нәрселерді де ұсына алды. Әсіресе тарихи кезеңдер шындығын, айтулы өнер адамдарының өмір-тағдырын, өнер, дәстүрлі мәдениет, адамгершілік, имандылық тақырыбын және әдебиеттегі бүгінгі таңның тыныс-тіршілігін арқау еткен драмалық шығармалар көрермен назарына ілікті. Тәуелсіздік кезеңіндегі драмаларды саралай қарасаң, небір айтулы шығармалар осы тақырыптың еншісінде. Драмалық шығармалар — тәуелсіздік жылдарында қазақ әдебиеті қорына қосылған рухани қазына екені анық. Драматургия – өте күрделі жанр. Шикілікті көтермейді. Автор тас-түйін толыққанды дүние тудыру керек. Әйтпесе қабылдануы қиын. Театрға жұмысқа келіп, драматургия саласына араласып, осы жанрды зерттегеннен кейін мен: «Әдебиеттің бекзадасы — драматургия», деген қортындыға келдік. Пьеса жазу – өте ауыр процесс. Біз сонау эпостарды тудырған ауыз әдебиетінен кейін бірден кеңестік, тіпті кеңестік те емес, орыстық әдебиеттің дәстүрін қабылдадық және осы жолды таңдадық. Осы мөлшермен алғанда, біздің әдебиетіміз – өте жас әдебиет. Тамыры адамзаттық құндылықтардан емес, кеңестік дәуірдің санаға теліген стандарттары, идеалдық образдары ізгілік, гуманистік стандарттары қалыпқа салынған жасандылық бағыттарын қазық қып ұстандық.

Әдебиеттегі драмалық шығармалардың өзге жанрдағы туындылардан ерекшелігі, біріншіден, оның адамзаттың рухани болмысындағы шынайы сезім мен құштарлықты психологиялық жағынан оқырман мен көрерменнің жан күйзелісімен ұштастырып, заманның келелі мәселелерін барынша шынайы суреттеуінде болса, екінші жағынан, драмалық шығармалар көркем туынды түрінде оқырманына әрі сахналық қойылым түрінде көрерменіне жетеді. Көркем әдебиеттің байырғы салаларының бірі болып саналатын қазіргі қазақ драматургиясындағы туындыларды уақыт талабына орай ғылыми-теориялық зерттеулер аясында жаңаша зерделеп, жан-жақты қамтып қарастыру — өзекті мәселе. Уақыт еншісіндегі осы өзекті мәселенің зерделеуіндегі жаңа ізденістеріміз жалғаса береді. Сондықтан адамгершілік арды серік еткен жазушы шығармаларының мәні мен мағынасына тереңдей ену арқылы жазушының туған әдебиет тарихынан алар орнын саралай білуде қажет. Ә. Кекілбаев сынды тұлғалардың еңбектеріне зерттеу жасап, бағалау арқылы қазақ қоғамының ертеңгі ұлттық идеясын анықтауға негіз қалаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Нұрғали Р. Драма өнері / Р. Нұрғали. — Алматы: Санат, 2001. — 480 б.
- 2 Нұрғали Р. Арқау / Р. Нұрғали. — Алматы: Жазушы, 1991. — 576 б.
- 3 Нарымбетов Ә. Көкейкесті әдебиеттану: 10-к. / Ә. Нарымбетов. — Астана, 2010. — 470 б.
- 4 Кекілбайұлы Ә. Дүние ғапыл / Ә. Кекілбайұлы. — Алматы, 1999. — 182 б.
- 5 Кекілбаев Ә. Абылай хан / Ә. Кекілбайұлы // Егемен Қазақстан. — 1997. — № 102. — 3–7-б.
- 6 Кекілбаев Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. — 6 т / Ә. Кекілбаев. — Алматы: Өлке, 1999. — 464 б.

К.А. Төлеубаева, Н.Р. Аккулова

Авторская позиция Абиша Кекильбаева в произведении «Абылай хан»

Статья посвящена анализу драматизма образа Абылайхана в драме Абиша Кекильбаева «Абылай хан». Литературный анализ природы драматического конфликта осуществлен на основе закономерностей синергетики. Внутренний драматический конфликт главного героя раскрыт посредством драматического противоречия между чувством и рассудком, между волей и влечением, между страстью и долгом, между властью и совестью. Суть драматизма выявлена на основе «принципа устойчивости и неустойчивости». Этот принцип наглядно виден на примере внешнего конфликта в борьбе между Абылаем и Шарышом, в отношениях между Абылаем и Топышем, Абылаем и Амир Саной. Резкие качественные колебания между устойчивыми и неустойчивыми ситуациями обостряют конфликт. Так, с помощью параметра порядка проанализировано создание драматизма. Особое внимание уделено особенностям создания образа главного героя, который ставил интересы ханства и единства выше собственных.

Ключевые слова: драматизм, конфликт, синергетика, принцип устойчивости и неустойчивости, ханство, единство.

K.A. Toleubayeva, N.R. Akkulova

The authors position of Abish Kekilbayev in the work «Abylai khan»

This article is devoted to the analysis of dramatism of the image of Abylai khan in the drama of A. Kekilbayev «Abylai khan». The literary analysis of the nature of the dramatic conflict is carried out on the basis of the laws of synergy. The internal dramatic conflict of the protagonist is revealed through a dramatic contradiction between feeling and consciousness, between will and inclination, between passion and duty, between authority and conscience. This principle is clearly visible in the example of external conflict. Sharp qualitative fluctuations between stable and unstable situations aggravate the conflict. So, with the help of the order parameter, the development of dramatism is analyzed. The essence of drama is revealed on the basis of the «principle of stability and instability». Particular attention is paid to the specifics of creating an image of the hero who put the interests of the Khanate and unity above his own.

Keywords: dramatism, conflict, synergy, the principle of stability and instability, Khanate, unity.

References

- 1 Nurgali, R. (2001). *Drama oneri [Art of dram]*. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 2 Nurgal, R. (1991). *Arkau [Moti]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 3 Narymbetov, A. (2010). *Kokeikesti adebiiettanu [Actual literary studies] (10 books)*. Astana [in Kazakh].
- 4 Kekilbayuly, A. (1999). *Duniie hapyt [Repent World]*. Almaty [in Kazakh].
- 5 Kekilbayuly, A. (1997). *Abylai khan [Abylaikhan]*. *Ehemen Kazakhstan – Sovereign Kazakhstan, No. 102*, 5–7 [in Kazakh].
- 6 Kekilbayuly, A. (1999). *On eki tomdyk shyharmalar zhinahy [Collected works in twelve volumes]*. (Vol. 6) Almaty: Olke [in Kazakh].